

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Білім беру бағдарламасының нөмірі мен атауы	6B06124 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Білім беру бағдарламасының мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жүйелік, аспаптық және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, есептеу техникасы және компьютерлік жүйелерін еркін меңгерген, Pascal, PHP, MATLAB, C++, Delphi, Java, JavaScript, Python сияқты бағдарламалау тілдерін білетін мамандарды дайындау болып табылады.
Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	Білім беру бағдарламасының түлектері оқу процесінде қазіргі заманғы бағдарламалау тілдері, БҚ әзірлеу әдістері мен құралдары, бағдарламалау тілдеріндегі міндеттерді талдау, әзірлеу құралдарын баптау, БҚ бағдарламалық кодын қарау, бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі типтегі талаптарды әзірлеу туралы жүйелі білім қалыптастырады. Қолданбалы есептерді шешу үшін машиналық оқыту әдістері қолданылады таратылған жүйелерді зерттеу және жобалау үшін математикалық модельдеу әдістері жайлы жүйелі білім қалыптастырады.
Білім беру бағдарламасының аккредитациясының болуы	Қуәлік № HE-SA-000114, 29.05.2024 ж. дейін жарамды
Берілетін академиялық дәреже	«6B06124-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Түлектің кәсіби қызметінің объектілері: есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлейтін, енгізетін және пайдаланатын мемлекеттік және жеке кәсіпорындар мен ұйымдар әртүрлі салаларда, атап айтқанда: машина жасау, металлургия, көлік, телекоммуникация, ғылым және білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, әкімшілік басқару, экономика, бизнес, түрлі технологияларды басқару саласында, яғни адам қызметінің барлық салаларында